

## **ЖОБА**

### **Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №470 «2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына және 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 470 2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7923 тіркелген, 2021 жылы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар «22705» сандары «24747,2» сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары «0» саны «2042,2» сандарына ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
М.А.Жалғаспаев**

**Алға аудандық мәслихатының  
хатшысы  
М.Ш.Тулеев**